

«Ағылшын тіліндегі төрт дағды арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» атты облыстық шығармашылық шеберханасы қорытындыланды

2025–2026 оқу жылында Қобда ауданы Исатай Тайманов атындағы гимназияның ағылшын тілі пәні мұғалімі Таржанова Сауле Кажановнаның жетекшілігімен «Ағылшын тіліндегі төрт дағды арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» тақырыбында облыстық шығармашылық шеберхана жұмысы өткізілді.

Шеберхананың мақсаты – ағылшын тіліндегі төрт дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытында мұғалімдерге теориялық және практикалық қолдау көрсету, оқытудың инновациялық тәсілдерін таныстыру, оларды тәжірибеде тиімді қолдану жолдарын көрсету және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Шеберхана жұмысына облыстың аудандық және қалалық мектептерінен келген ағылшын тілі пәні мұғалімдері қатысты. Жыл бойы өткізілген төрт отырыс барысында қатысушылар тәжірибе алмасып, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруге мүмкіндік алды.

Шеберхана барысында білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту, сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект құралдарын тиімді пайдалану, дебаттар мен рөлдік ойындарды сабақта қолдану мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдыларын кешенді дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер таныстырылып, мұғалімдерге әдістемелік ұсынымдар берілді.

Тәжірибелік бөлімдерде қатысушыларға түрлі тренингтер, семинарлар, шеберлік сабақтары мен практикалық жұмыстар ұсынылды. Атап айтқанда, алғашқы отырыста «My Visit Card», «Developing Critical Thinking Skills through Listening and Speaking», «Listen, Analyze, Speak», «Task-Based Learning» тақырыптарында жұмыстар жүргізіліп, тыңдалым мен айтылым арқылы сыни ойлауды дамыту жолдары көрсетілді. Қатысушылар Padlet платформасы арқылы кері байланыс жасап, іс-шараның практикалық маңыздылығын жоғары бағалады.

Екінші отырыс аясында «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда оқытудың кешенді әдістерін тиімді қолдану» тақырыбында семинар өткізілді. Семинар барысында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған интерактивті тапсырмалар, цифрлық платформаларды қолдану мүмкіндіктері және кешенді оқыту әдістерінің тиімділігі таныстырылды. Қатысушылар тәжірибелік тапсырмалар орындап, өзара пікір алмасты.

Үшінші отырыста «Цифрлық ресурстарды қолдана отырып, төрт дағды арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту» тақырыбында практикалық жұмыс ұйымдастырылды. Қатысушыларға цифрлық платформалар мен білім беру ресурстарын сабақта қолданудың тиімді жолдары көрсетілді. Сонымен қатар ағылшын тілі сабақтарында жасанды интеллект құралдарын пайдалану, белсенді оқыту стратегияларын енгізу және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған заманауи тәсілдер ұсынылды.

Қорытынды төртінші отырыс «Дебаттар мен рөлдік ойындар арқылы айтылым мен тыңдалым дағдылары негізінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында өткізілді. Практикалық бөлімде «Icebreaker» тренингі, «From Burnout to Creativity» арт-терапиялық жұмысы және «Interactive Methods for Building Functional Literacy: Debates and Role Plays» тақырыбындағы тәжірибелік тапсырмалар ұйымдастырылды. Қатысушылар дебаттар мен рөлдік ойындарды сабақта қолданудың тиімді жолдарымен танысып, өз тәжірибелерінде қолдануға арналған практикалық дағдыларды меңгерді.

Рефлексия бөлімдерінде Padlet платформасы мен QR арқылы ұйымдастырылған «Scan & Share» әдісі негізінде кері байланыс жүргізілді. Қатысушылар өз тәжірибелерімен бөлісіп, алған білімдері мен әсерлерін талқылады, ұсыныстарын білдірді.

Шеберхана барысында мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған заманауи әдістемелік бағыттар ұсынылды. Қатысушылар цифрлық ресурстарды, жасанды интеллект құралдарын, интерактивті оқыту әдістерін, дебаттар мен рөлдік ойындарды тиімді қолдану бойынша практикалық дағдыларды меңгерді.

Подведены итоги областной творческой мастерской «Развитие функциональной грамотности через четыре вида речевой деятельности на английском языке»

В 2025–2026 учебном году под руководством учителя английского языка гимназии имени Исатая Тайманова Кобдинского района Таржановой Сауле Кажановны была проведена областная творческая мастерская на тему «Развитие функциональной грамотности через четыре вида речевой деятельности на английском языке».

Целью мастерской являлось оказание теоретической и практической поддержки педагогам в вопросах формирования функциональной грамотности обучающихся посредством развития четырех языковых навыков (аудирование, говорение, чтение и письмо), ознакомление с инновационными подходами в обучении и демонстрация путей их эффективного применения на практике, а также повышение профессиональной компетентности учителей.

В работе мастерской приняли участие учителя английского языка из городских и районных школ области. В течение года состоялось четыре заседания, в ходе которых участники обменивались опытом и знакомились с современными педагогическими технологиями.

В рамках мастерской рассматривались вопросы развития функциональной грамотности обучающихся, формирования критического мышления и коммуникативных навыков, эффективного использования цифровых ресурсов и инструментов искусственного интеллекта, а также применения дебатов и ролевых игр на уроках. Кроме того, были представлены методические подходы к комплексному развитию навыков аудирования, говорения, чтения и письма.

Практическая часть включала тренинги, семинары, мастер-классы и различные практические задания. На первом заседании были проведены занятия по темам «My Visit Card», «Developing Critical Thinking Skills through Listening and Speaking», «Listen, Analyze, Speak» и «Task-Based Learning», в ходе которых были продемонстрированы способы развития критического мышления через аудирование и говорение. Участники оставили обратную связь на платформе Padlet и высоко оценили практическую значимость мероприятия.

В рамках второго заседания состоялся семинар на тему «Эффективное применение комплексных методов обучения в развитии коммуникативных навыков учащихся». В ходе семинара были представлены интерактивные задания, направленные на формирование коммуникативной компетенции, возможности использования цифровых платформ и преимущества комплексных методов обучения. Участники выполняли практические задания и обменивались мнениями.

Третье заседание было посвящено теме «Развитие функциональной грамотности через четыре вида речевой деятельности с использованием цифровых ресурсов». Участникам были продемонстрированы эффективные способы применения цифровых платформ и образовательных ресурсов на уроках. Кроме того, были представлены современные подходы к использованию инструментов искусственного интеллекта на уроках английского языка, внедрению стратегий активного обучения и развитию функциональной грамотности обучающихся.

Заключительное, четвертое заседание прошло на тему «Формирование функциональной грамотности посредством развития навыков говорения и аудирования через дебаты и ролевые игры». В практической части были организованы тренинг «Icebreaker», арт-терапевтическое занятие «From Burnout to Creativity», а также практические задания по теме «Interactive Methods for Building Functional Literacy: Debates and Role Plays». Участники познакомились с эффективными способами использования дебатов и ролевых игр на уроках и освоили практические методы их применения в своей педагогической деятельности.

В ходе рефлексивных сессий была организована обратная связь посредством платформы Padlet и метода «Scan & Share» с использованием QR-кодов. Участники делились своим опытом, обсуждали полученные знания и впечатления, а также высказывали предложения.

На протяжении всей работы мастерской осуществлялся активный обмен педагогическим опытом, были представлены современные методические направления, способствующие формированию функциональной грамотности обучающихся. Участники овладели практическими навыками эффективного использования цифровых ресурсов, инструментов искусственного интеллекта, интерактивных методов обучения, дебатов и ролевых игр.

Н.Б. Тайпакова, методист отдела общего среднего образования.



